




КІРІКТІРІЛГЕН МИКРОТОЛҚЫНДЫ ПЕШ

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



MMWB204BB-GB
MMWB204BB-SS
MMWB204BB-GW

Ескерту: Бұл құралды қолданбас бұрын осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны болашақта анықтама үшін сақтаңыз. Өнімді жақсарту мақсатында дизайн мен техникалық сипаттамаларды ескертусіз өзгертуі мүмкін. Толық ақпарат алу үшін сатушыға немесе өндірушіге хабарласыңыз. Нұсқаулықтағы барлық суреттер схемалық болып табылады және түпнұсқадан өзгеше болуы мүмкін.

ҚҰРМЕТТІ САТЫП АЛУШЫ,

Midea техникасын сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз!

Осы Нұсқаулықтың мәтінінде сіз құрылғының дұрыс жұмыс істеуі және қызмет көрсетуі туралы қажетті ақпаратты таба аласыз. Осы сақтық шараларын сақтау тұрмыстық техниканы пайдалану кезінде сіздің уақытыңыз бен қаражатыңызды үнемдеуге көмектеседі. "Техникалық қызмет көрсету" бөлімінде сіз сервис қызметіне хабарласу қажеттілігінен құтқаратын пайдалану және ақаулықтарды жою мәселелері бойынша түсініктемелер таба аласыз. Midea өз өнімдерін үнемі жетілдіріп отырады, сондықтан құрылғының қауіпсіздігі мен жұмысына әсер етпейтін өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.



Құрылғыны алғаш рет қолданар алдында осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығуды ұсынамыз. Ол маңызды қауіпсіздік нұсқаулары және орнату, пайдалану және техникалық қызмет көрсету туралы ақпаратты қамтиды.

Құрылғыны дұрыс қолдану тиімділікті арттырады, экологиялық және қауіпсіз пайдалануға ықпал етеді және жұмыс кезінде энергия шығынын азайтады. Кез келген кепілдік талаптарын сақтау үшін әрқашан сатып алу туралы куәлікті сақтаңыз.

Бұл пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар жалпы сипатта болады. Бұл: кейбір функциялар құрылғыға жарамды, ал басқалары қолданылмайды дегенді білдіреді.

Құрылғыны сатып алған кезде оның құрылымында механикалық зақымдану бар-жоғын, сыртқы дизайны мен қаптамасын, жұмыс істеуін және жинақтылығын тексеріңіз.

Нұсқаулықтағы барлық суреттер анықтамалық сипатта болады. Сіз сатып алған нақты үлгінің жиынтығы Нұсқаулықтағы суреттерден өзгеше болуы мүмкін.

www.mideakz.com сайтында Пайдаланушы нұсқаулығын сандық түрде көшіріп алып, басқа өнімдермен танысуға болады.

Құрылғыңызды пайдалану сізге ұнайды деп үміттенеміз!

МАЗМҰНЫ

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ НҮСҚАУЛЫҚТАР

Шартты белгілер	4
Мақсаты бойынша пайдалану	5
Ескерту	6
Электр желісіне қосылу	8
Микротолқынды пешке арналған ыдыс	9
Микротолқынды пеште қолдануға болатын материалдар	9
Микротолқынды пеште қолдануға болмайтын материалдар	10

ҚҰРЫЛҒЫҒА ШОЛУ

Құрылғы бөлшектері мен керек-жарақтары	12
--	----

ОРНАТУ

Айналмалы табаны орнату	13
Орнату алдында	14
Микротолқынды пешті орнату	15
Микротолқынды пешті құрастыру	16

ПАЙДАЛАНУ

Басқару тақтасы	18
Ағымдағы уақытты орнату	19
Таймерді баптау	19
«Микротолқынды пеш» баптау	20
«Гриль» баптау	20
«Комби» баптау	21
Салмағы бойынша жібіту	21
Уақыт бойынша жібіту	21
Кезең-кезеңмен дайындау	22
Жылдам дайындау	22
Бұғаттауды баптау	23
Сұратым функциясы	23
Автомәзір	23

ЖАЛПЫ КҮТІМ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Құрылғыны тазалау	25
-------------------------	----

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Ықтимал ақаулар	26
-----------------------	----

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Техникалық ақпарат	28
--------------------------	----

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Сауда белгілері, авторлық құқықтар және Құқықтық ескертулер	29
Деректерді қорғау туралы хабарлама	30
Өнімнің қызмет ету мерзімі	31

ДҰРЫС КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Кәдеге жарату жөніндегі ескертулер	32
Қаптама туралы ақпарат	32

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Шартты белгілер



ҚАУІП

Бұл белгі аса қауіпті газдың салдарынан адам өмірі мен денсаулығына қауіп төніп тұрғанын білдіреді.



ПЭЛЕКТР КЕРНЕУІ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ

Бұл белгі кернеуден адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретінін білдіреді.



ЕСКЕРТУ

Сигнал сөзі қауіп-қатердің орташа деңгейін көрсетеді, егер оның алдын алмаса, өлімге немесе ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.



АБАЙЛАҢЫЗ

Сигнал сөзі қауіп-қатердің төмен дәрежесін білдіреді, егер оны болдырмау мүмкін болмаса, жеңіл немесе орташа ауырлықтағы жарақаттарға әкелуі мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Сигнал сөзі маңызды ақпаратты көрсетеді (мысалы, мүліктің зақымдануы), бірақ адам өміріне қауіп төндірмейді.



СЕРВИС МАМАНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Бұл белгі техникалық қызмет көрсету маманы бұл құрылғыны пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қана пайдалануы және қызмет көрсетуі керек екенін көрсетеді.

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Мақсатты пайдалану

- **Микротолқынды пеш** - бұл бүгінде кез-келген ас үйден табылатын техниканың бірі. Микротолқынды пештің басты артықшылықтарының бірі - кез келген өнімді бірнеше минут ішінде тез еріту мүмкіндігі. Кез келген микротолқынды пеште болатын тағы бір ерекше мүмкіндік — дайын тағамды тез және оңай жылыту, ол кез келген адамның қолынан келеді. Микротолқынды пеште көптеген тағамдарды дайындауға болады — омлет, күріш, пісірілген картоп, бұға пісірілген балық, попкорн мен чипсаларды айтпағанда. Микротолқынды пеште дайындау күйік қаупін төмендетеді, шайыр мен күйдірілген заттардың пайда болуын болдырмайды. Пісіру уақытының қысқаруына байланысты тағамдарда көбірек қоректік заттар сақталады, сонымен қатар құрылғыны басқару оңай және ол автоматты түрде өшіріледі.
- Келесі қауіпсіздік ережелері құрылғының қауіпті немесе дұрыс қолданылмауы нәтижесінде күтпеген қауіптердің немесе зақымданудың алдын алуға арналған. Жеткізгеннен кейін қаптаманы және құрылғыны тексеріп, қауіпсіз пайдалану үшін барлығы дұрыс екеніне көз жеткізіңіз. Егер сіз қандай да бір зақымдануды байқасаңыз, сатушыға немесе дилерге хабарласыңыз
- Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету мақсатында құрылғыға өзгерістер немесе түрлендірулер енгізуге жол берілмейді. Құрылғыны мақсатсыз пайдалану қауіптерге және кепілдік міндеттемелерін жоғалтуға әкелуі мүмкін.

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

ЕСКЕРТУ

Микротолқынды пештің бұл үлгісі ас үй гарнитурасына орнатуға арналған.

Құрылғыны пайдаланған кезде өрт, электр тоғының соғуы, жеке жарақат алу немесе микротолқынды пештің артық энергиясының әсер ету қаупін азайту үшін төмендегілерді қоса алғанда, негізгі қауіпсіздік шараларын орындаңыз:

МИКРОТОЛҚЫНДЫ ЭНЕРГИЯНЫҢ ШАМАДАН ТЫС ӘСЕРІН БОЛДЫРМАУ ҮШІН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

1. Есігі ашық тұрған пешті іске қоспаңыз, өйткені бұл микротолқынды энергияның зиянды әсеріне әкелуі мүмкін.
 2.  **МАҢЫЗДЫ:** қорғаныс блоктарын істен шығармаңыз немесе ашуға тырыспаңыз.
 3. Пештің алдыңғы жағы мен есігінің арасына ешбір зат қоймаңыз және тығыздағыш беттерде кір немесе тазартқыш қалдықтарының жиналуына жол бермеңіз.
 4.  **ЕСКЕРТУ:** Егер есік немесе есік тығыздағыштары зақымдалған болса, пешті білікті маман жөндегенге дейін пайдалануға болмайды.
 5.  **ЕСКЕРТУ:** Егер құрылғы тиісті тазалықта ұсталмаса, оның беттері тозып, бұл құрылғының қызмет ету мерзіміне әсер етеді және қауіпті жағдайға әкеледі.
- Бұл құрылғы физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі мен білімі жоқ адамдардың (соның ішінде балалардың) пайдалануына арналмаған, егер олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қадағаламаса немесе құрылғыны пайдалану жөнінде нұсқау бермесе. Құрылғыны тазалау және техникалық қызмет көрсетуді балалар қараусыз орындамауы керек.
 - Балалардың құрылғымен ойнамауын қадағалау керек.
 - 6.  **ЕСКЕРТУ:** Қоректендіру сымы зақымданған кезде қауіптілікті болдырмау үшін оны өндіруші, оның сервистік өкілі немесе осыған ұқсас білікті маман ауыстыруы тиіс.
 - 7.  **ЕСКЕРТУ:** Шамды ауыстырар алдында электр тоғының соғу мүмкіндігін болдырмау үшін құрылғының қуат көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
 - 8.  **ЕСКЕРТУ:** Микротолқынды энергияның әсерінен қорғауды қамтамасыз ететін қақпақты алып тастауға байланысты кез келген техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстарын орындау пайдаланушының денсаулығы үшін қауіпті. Құрылғыны жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді тек білікті мамандар ғана жүргізе алады.
 - 9.  **ЕСКЕРТУ:** Сұйықтықтар мен басқа өнімдерді ауа өткізбейтін контейнерлерде қыздыруға болмайды, себебі олар жарылуы мүмкін, абайлаңыз, сондай-ақ дайындау алдында жартылай фабрикаттардың пластикалық пленкасын әрдайым тесіңіз. Тамақты дайындағаннан кейін оны шамамен бір минут суытыңыз.

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

- Тағамды пластик немесе қағаз контейнерлерде қыздырған кезде, тұтану мүмкіндігіне байланысты пешті қадағалап тұру қажет.
- Микротолқынды пештерде қолдануға жарамды ыдыстарды ғана пайдаланыңыз (*"Микротолқынды пешке арналған ыдыс" бөлімін қараңыз*).
- Түгін пайда болса, жалынды сөндіру үшін құрылғыны өшіріңіз немесе розеткадан ажыратыңыз және есікті жабық ұстаңыз.
- Сусындарды микротолқынды пеште қыздыру баяу қайнатуға әкелуі мүмкін, сондықтан контейнерді ұстаған кезде абай болу керек.
- Күйіп қалмас үшін, қолданар алдында тамақтандыратын бөтелкелер мен балалар тағамы бар банкалардың ішіндегісін араластырып немесе шайқау керек, сондай-ақ нәрестеге бермес бұрын қыздырылған тағамның температурасын тексеру керек.
- Шикі жұмыртқаларды қабығымен дайындау алдында немесе қабығымен пісірілген жұмыртқаларды қыздыру алдында міндетті түрде қабықты тесу қажет, әйтпесе жұмыртқалар дайындау аяқталғаннан кейін де жарылуы мүмкін. Сондай-ақ жұмыртқа-пашот, жұмыртқа сарысын дайындағанда сақ болыңыз. Дайындау алдында картоп, алма, тауық бауыры және т.б. сияқты қатты қабығы бар өнімдерді тесіңіз.
- Пешті жүйелі түрде тазалап, арлық тамақ шөгінділерін алып тастау керек.
- Құрылғыны таза ұстамасаңыз, оның беттері тозып, қызмет ету мерзімін қысқартады және қауіпті жағдайлардың туындау қаупін арттырады.
- Қызып кетпеу үшін құрылғыны сәндік есіктің артына орнатуға болмайды (бұл сәндік есігі бар құрылғыларға қатысты емес).
- Тек осы құрылғы үшін ұсынылған термосүңгішін пайдаланыңыз (термосүңгішін пайдалану мүмкіндігімен жабдықталған пештер үшін).
- Бұл құрылғы тұрмыстық және ұқсас орталарда пайдалануға арналған, мысалы:
 - дүкендерде, кеңселерде және басқа жұмыс орындарында қызметкерлерге арналған ас үй жабдықтары;
 - қонақ үйлердегі, мотельдердегі және басқа тұрғын аудандардағы тұтынушылар;
 - ферма үйлері;
 - «төсек және таңғы ас» қонақ үйлерінде.
- **▲ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Микротолқынды пеш тамақ пен сусындарды жылытуға арналған. Тамақты немесе киімді кептіру, сондай-ақ жылыту жастықшаларын, тәпішкелерді, губкаларды, дымқыл шүберектерді және т.б. қыздыру жарақат алу, тұтану немесе өрт қаупін тудыруы мүмкін.
- Микротолқынды пеште тамақ пен сусынға арналған металл контейнерлерді пайдалануға тыйым салынады, сондай-ақ қаптаманың кез келген металл элементтерін (қысқыштар немесе сым сияқты), ыдыстың немесе контейнерлердің металл бөлшектерін дайындау алдында алып тастаңыз.
- Құрылғыны бу тазалағышпен тазалауға болмайды.
- Құрылғыдан контейнерлерді алу кезінде айналмалы табаны да шығарып алмау үшін абай болу керек (еденнен 900 мм биіктікте қолданылатын және алынбалы айналмалы табасы бар стационарлық және кіріктірілетін құрылғылар үшін. Бірақ бұл көлденең ашылатын есікпен жабдықталған құрылғыларға қатысты емес).

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

- Құрылғыны немесе шыны есікті тазалау үшін абразивті немесе қатты химиялық тазалағыштарды немесе өткір металл қырғыштарды пайдаланбаңыз, себебі олар беттерді сырып тастап немесе коррозияға ұшыратады және әйнектің, сондай-ақ құрылғы элементтерінің ақауына немесе бұзылуына әкелуі мүмкін.
- **⚠ АБАЙЛАҢЫЗ:** Пайдалану кезінде құрылғының корпусы және оның ішкі бөліктері қыздырылады. Жарақат алмау үшін пештің ішіндегі қыздыру элементтеріне тиіп кетпеу үшін абай болыңыз – бет пен қолды күйіп қалудан сақтаңыз, қолғаптарды қолданыңыз.
- **⚠ ЕСКЕРТУ:** Құрылғы жұмыс істеген кезде балалар микротолқынды пешті тек ересектердің қарауымен ғана пайдалануы тиіс.

Электр желісіне қосу

- **⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Құрылғының кейбір ішкі бөліктеріне қол тигізу ауыр жарақатқа немесе электр тоғының соғуына байланысты өлімге әкелуі мүмкін. Бұл құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз.
- Бұл құрылғы міндетті түрде жерге тұйықталуы тиіс: қысқа тұйықталу жағдайында жерге тұйықтау электр тоғының соғу қаупін азайтады, өйткені жерге тұйықтау кезінде электр тоғын қауіпсіз бұру қарастырылған.
- Микротолқынды пеш сыммен және жерге тұйықталған ашамен жабдықталған. Ашаны дұрыс орнатылған және Жерге тұйықталған розеткаға қосу керек. Құрылғыны дұрыс жерге тұйықтау үшін білікті маманмен кеңесіңіз.
- Ұзартқыш сымды пайдалану қажет болса, тек 3 ядролы жерге тұйықталған ұзартқыш сымды пайдаланыңыз.
- Қысқа қуат сымы ұзын сымға оралу немесе оған шалынып қалу қаупін азайтады.
- Егер сымдардың ұзын жиынтығы немесе ұзартқыш сым қолданылса, онда сымдар жиынтығының немесе ұзартқыштың белгіленген электр қуаты құрылғының электр қуатынан кем болмауы керек.
- Ұзын сымды балалар тартып алмайтындай немесе кездейсоқ сүрініп кетпейтіндей етіп орналастыру керек.

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Микротолқынды пешке арналған ыдыс

Металл емес ыдыстардың кейбір түрлері микротолқынды пеште қолдану қауіпті болуы мүмкін. Егер күмәніңіз болса, төмендегі процедураны орындау арқылы бұл ыдысты сынауға болады.

Ыдыстарды сынау:

- Микротолқынды пешке арналған ыдысқа 1 кесе суық суды (250 мл) құйып, ыдысты оған салыңыз.
- 1 минут бойы жоғары температурада қыздырыңыз.
- Ыдысты абайлап ұстап көріңіз. Егер бос ыдыс ыстық болса, оны микротолқынды пеште тамақ дайындау үшін пайдаланбаңыз.
- Жылыту уақыты 1 минуттан аспауы керек.

Микротолқынды пеште қолдануға болатын материалдар

Ыдыс-аяқ	Сипаттама
Қуыруға арналған ыдыс	Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Қуыруға арналған табақтың түбі бұрылмалы табактан кемінде 5 мм жоғары болуы керек. Дұрыс пайдаланбау айналмалы табақты зақымдауы мүмкін.
Асхана ыдыстары	Микротолқынды пеште пайдалануға арналған ыдыс. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Жарылған немесе сынған ыдыстарды пайдаланбаңыз.
Шыны банкалар	Әрқашан қақпақты ашып, алып тастаңыз. Тамақты сәл жылы болғанша жылыту үшін ғана пайдаланыңыз. Шыны банкалардың көпшілігі ыстыққа төзімді емес және жарылып кетуі мүмкін.
Шыны ыдыс	Тек ыстыққа төзімді микротолқынды пешке арналған ыдыс. Оның металл әрлеуі жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Жарылған немесе сынған ыдыстарды пайдаланбаңыз.
Пеште тамақ дайындауға арналған пакеттер	Қысқа мерзімді дайындау немесе қыздыру үшін ғана пайдаланыңыз. Пешті дайындау кезінде қараусыз қалдырмаңыз.
Қағаз тәрелкелер мен стақандар	Артық майды сіңіру үшін пайдаланылады. Бақылауда және қысқа мерзімді қыздыру үшін ғана.

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

Ыдыс-аяқ	Сипаттама
Қағаз сүлгілер	Артық майды сіңіру үшін пайдаланылады. Бақылауда және қысқа мерзімді қыздыру үшін ғана.
Пергамент қағазы	Шашырауды болдырмау үшін немесе бұға дайындау кезінде өнімдерді жабу үшін қақпақ ретінде пайдаланыңыз.
Пластик	Егер өндіруші микротолқынды пеште пайдалануға болатынын көрсетсе ғана. Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Қаптамада «микротолқынды пешке қауіпсіз» деген жазу болуы керек. Кейбір пластикалық контейнерлер ішіндегі өнімдер қызған кезде жұмсарады. «Пісіруге арналған пакеттер» мен тығыз жабылған полиэтилен пакеттерін қаптамадағы нұсқауларға сәйкес кесу, тесу немесе ауаны шығару керек.
Пластикалық қаптама	Егер өндіруші микротолқынды пеште пайдалануға болатынын көрсетсе ғана. Ылғалды сақтау үшін дайындау кезінде өнімдерді жабу үшін пайдаланыңыз. Тағам пленкасының тағам өнімдерімен жанасуына жол бермеңіз.
Термометрлер	Тек микротолқынды пешке арналған (ет пен кәмпитке арналған термометрлер).
Балауыз қағаз	Шашырауды болдырмау және ылғалды ұстап тұру үшін жабын ретінде пайдаланыңыз.

Микротолқынды пеште қолдануға болмайтын материалдар

Ыдыс-аяқ	Сипаттама
Алюминий табақ	Электр доғасының пайда болуына әкелуі мүмкін. Тағамды микротолқынды пеште пайдалануға рұқсат етілген ыдысқа салыңыз.
Тамақ өнімдеріне арналған ыдыстар металл тұтқамен	Электр доғасының пайда болуына әкелуі мүмкін. Тағамды микротолқынды пеште пайдалануға рұқсат етілген ыдысқа салыңыз.
Металл ыдыс немесе металл әрлеуі бар ыдыс	Металл электромагниттік толқындарды тағамға жібермейді. Электр доғасының пайда болуына әкелуі мүмкін.


ҚАУІПСІЗДІК НҮСҚАУЛАРЫ

Ыдыс-аяқ	Сипаттама
Металл қысқыштар, қақпақтар	Пеште электр доғасы немесе өрт шығуы мүмкін.
Қағаз пакеттер	Пештегі өртке әкелуі мүмкін.
Пенопласт	Пенопласт жоғары температураға ұшыраған кезде еріп ішіндегі сұйықтықты ластауы мүмкін.
Ағаш	Ағашты микротолқынды пеште қолданған кезде, ағаш ыдыс құрғап, жарылып кетеді.

● ЕСКЕРТУ:

Фарфор, қыш, керамика және шыны ыдыстарды, әсіресе жұқа шыныдан жасалған, кристалды және өрнектері бар ыдыстарды Өндіруші тікелей рұқсат етсе ғана пайдалануға болады. Алтын жиегі бар ыдыстарды микротолқынды пешке қоюға болмайды. Микротолқынды пеште ыдыс-аяқтың құрғақ болуы да маңызды. Ылғал табақ тағамға қарағанда тезірек қызады және тіпті қызып кетуі мүмкін.

Құрылғының бөліктері мен керек-жарақтары



Айналмалы таба




Роликті сақина




Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



Білік муфтасы және айналмалы таба білігі



Гриль торы (тек «гриль» пісіру режимінде қолданылады, айналмалы табаға орналастырылады)



● ЕСКЕРТПЕ:



Құрылғының суреті тек иллюстрацияға арналған, сатып алған өнімді қараңыз.

Айналмалы табаны орнату

Тамақ дайындауға арналған құрылғыны бірінші рет қолданар алдында айналмалы табаны дұрыс орнату керек. Жұмыс камерасы мен керек жарақтарын тазалау қажет.

Айналмалы табаны орнына қалай орнату керек:

1. Роликті сақинаны ③ пеш камерасындағы ойыққа орнатыңыз.
2. Айналмалы табақты ① роликті сақинаға ③ білік муфтасының ойықтарына ② түсетіндей етіп орналастырыңыз.



● ЕСКЕРТУ:

1. Ешқашан айналмалы табақсыз құрылғыны пайдаланбаңыз. Оның дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Айналмалы құрылғы сағат тілімен немесе сағат тіліне қарсы бұрыла алады.
2. Ешқашан айналмалы табаны төңкеріп орнатпаңыз. Айналмалы таба ешбір жағдайда шектелмеуі керек.
3. Дайындау кезінде әрқашан айналмалы табаны да, роликті сақинаны да пайдалану қажет.
4. Барлық өнімдер мен өнімдер салынған контейнерлер әрқашан айналмалы табаға орналастырылуы тиіс.
5. Пеш камерасында айналмалы табаның қозғалысына тосқауыл қойылмауын қадағалаңыз.
6. Егер айналмалы таба немесе роликті сақина жарылған немесе сынған болса, жақын жердегі қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Орнату алдында

- Барлық қаптама материалдары мен аксессуарларды алып тастаңыз.
- Пештің майысу, сызат немесе сынған есік сияқты зақымданулардың бар-жоғын қараңыз. Егер пеш зақымдалған болса, оны орнатпаңыз.
- Микротолқынды пештің бетінен қорғаныш пленканы алыңыз.
- Бұл құрылғы тек үйде пайдалануға арналған.
- Микротолқынды пештің бұл моделі тек кіріктіріліп пайдалануға арналған. Ол үстелге немесе шкафтың ішіне орнатуға арналмаған.
- Орнату нұсқауларын орындаңыз.
- Құрылғыны ені 60 см болатын қабырға шкафына орнатуға болады.
- Құрылғы штепсельді ашамен жабдықталған және тек дұрыс орнатылған жерге тұйықталған розеткаға қосылуы тиіс.
- Қуат желісінің кернеуі құрылғының тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкес келуі керек.
- Тек білікті elektrik Розетканы орнатып, байланыстырушы кабельді ауыстыра алады. Егер орнатқаннан кейін аша қол жетімді болмаса, ажырату құрылғысы орнату жағында кемінде 3 мм байланыс саңылауы болуы керек.
- Адаптерлерді, үштеуіштерді және ұзартқыш кабельдерді пайдалануға болмайды. Шамадан тыс жүктеме өртке әкелуі мүмкін.
- Микротолқынды пешті ас үй гарнитурасының жұмыс бетінің астына орнатпаңыз және құрылғы орнатылған бетте төгілген сұйықтықтың болмауын қадағалаңыз.




АБАЙЛАҢЫЗ! ЫСТЫҚ БЕТ!

Бұл белгі құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде корпустың жоғары температураға дейін қызатынын және термиялық күйік алу қаупі бар екенін көрсетеді.

Микротолқынды пешті орнату

Орнату алдында нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.



1. Техниканың зақымдануының, әртүрлі ақауларының бар жоғын мұқият тексеріңіз.
2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтан орнату бөлімін табыңыз және онымен танысыңыз.
3. Егер жиынтықта бекіткіш (қосымша) қоса берілсе, орнатыңыз.
4. Құрылғыны пайдалану кезінде электр желісіне оңай қол жеткізу үшін шкафтың қабырғасында саңылау жасаңыз.
5. Құрылғыны шкафқа салыңыз, сымды шығарыңыз, желілік ашаны розеткаға қосыңыз.

Микротолқынды пешті орнату жұмыстарын барлық ұсынымдар мен ережелерді ескере отырып орындау керек. Сонда электр құралы дұрыс жұмыс істейді және сіздерге бірнеше жыл қызмет етеді.


ОРНАТУ

Микротолқынды пешті орнату



- Кіріктірілетін шкафтың құрылғының артында артқы қабырғасы болмауы тиіс.
- Орнатудың минималды биіктігі 85 см.
- Желдету саңылаулары мен ауа жинау орындарын жаппаңыз.



Суреттердегі өлшемдер мм көрсетілген.

1.




2.






1. А реттеу винті пештің жоғарғы ауа туннеліне бекітіңіз, содан кейін микротолқынды пешті шкафқа орнатыңыз.
2. А реттеу бұрандасы мен шкафтың үстіңгі жағы арасындағы 1 мм бос орынды сақтау үшін А реттеу бұрандасын реттеңіз.
3. Қуат сымының қысылмауын және бұралмауын қадағалаңыз.
4. Пештің шкафтың ортасына орнатылғанына көз жеткізіңіз.



5. Есікті ашыңыз, құрылғыны әрлеу жинағының монтаждау саңылауына В бекіту бұрандасының көмегімен шкафқа бекітіңіз. Содан кейін пластикалық тығынды бұранданың қалпағына монтаждау саңылауына бекітіңіз.

Басқару панелі



-  Микротолқынды пеш
-  Гриль/Комби
-  Автоматты мәзір
-  Жібіту уақыты
-  Салмағы бойынша жібіту
-  Таймер
-  Дайындау уақыты
-  Тоқтату/Болдырмау
-  Бастау/+ 30 сек./Растау

ПАЙДАЛАНУ

Ағымдағы уақытты орнату

1. «» Бір рет басыңыз, сонда дисплейде «00:00» көрсетіледі.
2. Сағатты орнату үшін реттегішті бұраңыз. Уақыт 0-23 аралығында болуы керек.
3. Растау үшін «» немесе «», түймесін басыңыз.
4. Минуттарды орнату үшін реттегішті бұраңыз. Уақыт 0-59 аралығында болуы керек.
5. Растау үшін «», түймесін басыңыз. Сағат орнатылды.

● ЕСКЕРТУ:

1. Сағат уақытты 24 сағаттық форматта көрсетеді. Егер сағат орнатылмаса, құрылғы қуат беру кезінде жұмыс істемейді.
2. Сағатты қайта жүктеу үшін 1-ден 5-ке дейінгі қадамдарды қайталаңыз.
3. 4 қадамнан кейін, «» немесе «», түймешігін бассаңыз немесе 1 минут ішінде ешқандай әрекет жасамасаңыз, пеш бұрынғы параметрлеріне қайта оралады.

Таймерді баптау

1. «» Бір рет басыңыз, сонда дисплейде «00:00» көрсетіледі.
2. Қалаған уақытты орнату үшін реттегішті бұрыңыз. Уақыттың ең үлкен мәні «95:00».
3. Растау үшін «» түймешігін басыңыз. Таймер есептеуді бастайды.

● ЕСКЕРТУ:

Таймер орнатылған кезде басқа бағдарламалар орнатыла алмайды.

ПАЙДАЛАНУ

"Микротолқынды пеш" режимінде дайындау

5 қуат деңгейі қол жетімді.

Қуат деңгейі	Дисплейде бейнелеу
100%	P100
80%	P80
50%	P50
30%	P30
10%	P10

1. «», түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «P100» көрсетіледі.
2. Қуат деңгейін орнату үшін «» түймесігін бірнеше рет басыңыз немесе реттегішті бұраңыз. 5 қуат деңгейі қолжетімді.
3. Растау үшін «» түймесін басыңыз.
4. Дайындау уақытын реттеу үшін реттегішті бұраңыз. Уақыттың максималды мәні - «95:00».
5. Дайындауды бастау үшін «», түймесігін басыңыз.

● ЕСКЕРТУ:

Пештің есігін ашу немесе жұмыс кезінде «» түймесін басу ағымдағы режимді тоқтатады.

"Гриль" режимінде дайындау

1. «» түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «G» көрсетіледі.
2. Растау үшін «» түймесін басыңыз.
3. Дайындау уақытын орнату үшін реттегішті бұраңыз. Уақыттың максималды мәні «95:00».
4. Дайындауды бастау үшін «», түймесігін басыңыз.

● ЕСКЕРТУ:

Дайындаудың ортасында құрылғы тамақты аудару қажеттігін ескертетін дыбыстық сигнал береді. Егер осы сәтте пайдаланушы ешқандай әрекет жасамаса, пеш жұмысын жалғастырады.

ПАЙДАЛАНУ

«Комби» режимінде дайындау

1. «» түймешігін екі рет басыңыз және дисплейде «C-1» бейнеленеді, егер үш рет бассаңыз, дисплейде «C-2» бейнеленеді.
2. Растау үшін «» түймесін басыңыз.
3. Дайындау уақытын орнату үшін реттегішті бұраңыз. Уақыттың максималды мәні «95:00».
4. Дайындауды бастау үшін «» түймешігін басыңыз.

Функция	Дисплейде бейнелеу	Микротолқындардың қуаты	Гриль қуаты
Комби 1	C-1	55%	45%
Комби 2	C-2	36%	64%

Салмағы бойынша жібіту

1. «» түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «dEF1» бейнеленеді.
2. Өнімнің салмағын орнату үшін реттегішті бұраңыз. Салмақ диапазоны 100 ден 2000 г дейін.
3. Жібітуді бастау үшін «» түймесін басыңыз.

● ЕСКЕРТУ:

Дыбыстық сигнал жібіту кезінде өнімді айналдыру керектігін еске салады. Егер ешқандай әрекет жасалмаса, пеш жұмысын жалғастырады.

Уақыт бойынша жібіту

1. «» түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «dEF2» бейнеленеді.
2. Қажетті жібіту уақытын орнату үшін реттегішті бұраңыз. Уақыттың максималды мәні «95:00».
3. Жібітуді бастау үшін «» түймесін басыңыз.

● ЕСКЕРТУ:

Жібіту кезінде қуат деңгейі P30 болып табылады және оны өзгерту мүмкін емес.

Кезеңді дайындау

● ЕСКЕРТУ:

1. Микротолқынды пештің жұмысын 2 кезеңге бөліп бағдарламалауға болады.
2. Егер сіз жібіту функциясын орнатсаңыз, ол бірінші қадамда автоматты түрде жұмыс істейді.
3. «Таймер» және «АВТО мәзір» дайындау кезеңдерінің бірі ретінде іске қосылмайды.

Мысал: Өнімді 5 минут жібітіңіз, содан кейін 80% қуатта 7 минут дайындаңыз.

1. «» түймесін бір рет басыңыз, сонда дисплейде «dEF2» бейнеленеді.
2. Қажетті жібіту уақытын 5 минутқа орнату үшін реттегішті бұраңыз.
3. «» түймесін басыңыз, сонда дисплейде «P100» бейнеленеді.
4. P80 қуат деңгейін орнату үшін реттегішті бұраңыз, содан кейін растау үшін «» түймесін басыңыз..
5. Дайындау уақытын 7 минутқа орнату үшін реттегішті бұраңыз.
6. Дайындауды бастау үшін «» түймесігін басыңыз.

Жылдам дайындау

1. Күту режимінде 30 секунд ішінде 100% қуатпен ас дайындау үшін «», түймесін басыңыз. Берілген батырманы әр басу уақытты 30 секундқа арттырады, ал уақыттың максималды мәні 95 минутты құрайды.
2. Күту режимінде 100% қуаттылықта дайындау уақытын белгілеу үшін реттегішті солға бұрыңыз. Содан кейін дайындау уақытын белгілеу үшін реттегішті бұруды жалғастырыңыз. Максималды уақыт 95 минутты құрайды.
3. Дайындауды бастау үшін «» түймесігін басыңыз.
4. Дайындау процесінде «» түймесін әрбір басу дайындау уақытын 30 секундқа ұлғайтады (автоматты мәзір мен салмағы бойынша жібітуді қоспағанда).

ПАЙДАЛАНУ

Бұғаттауды баптау

Бұл функцияны балалардың микротолқынды пешті кездейсоқ қосуын болдырмау үшін пайдалануға болады.

Бұғаттауды белсендіру үшін:

Күту режимінде «» түймесін 3 секунд басып тұрыңыз. Дыбыстық сигнал шығады. Егер уақыт орнатылған болса, дисплей Құлыпталған белгішені және ағымдағы уақытты көрсетеді, әйтпесе «» бейнеленеді.

Бұғаттауды өшіру үшін:

Құлыпталған күйде «» түймесін 3 секунд басып тұрыңыз. Дыбыстық сигнал естіледі, бұл құлыптау өшірілген дегенді білдіреді.

Сұратым функциясы

Дайындау процесінде сіз қуаттың белгіленген деңгейін, пештің жұмыс режимін немесе дайындаудың белгіленген уақытын тексере аласыз.

1. Тамақты дайындау процесінде ағымдағы уақытты көру үшін «» түймешігін басу керек, егер уақыт белгіленген болса, онда ағымдағы уақыт дисплейде үш секунд бойы бейнеленеді.
2. Микротолқынды пеште қуат деңгейін білу үшін «» түймешігін басыңыз. Қуат деңгейі дисплейде үш секунд бойы бейнеленеді.
3. «Гриль/Комби» тамақ дайындау процесінде дайындау режимі туралы білу үшін «» түймешігін басыңыз. Режим дисплейде үш секунд бойы бейнеленеді.

"АВТО мәзір" режимінде дайындау

"АВТО мәзір" режимі кейбір өнімдерді өнімнің түрі мен салмағын қарапайым таңдаумен дайындауға мүмкіндік береді, бұл ретте қуат деңгейі мен қажетті дайындау уақыты автоматты түрде белгіленеді.

1. «» түймесін бір рет басыңыз немесе реттегішті оңға бұрыңыз, сонда дисплейде "А-1" бейнеленеді.
2. Қажетті мәзірді таңдау үшін реттегішті айналдыруды жалғастырыңыз. Таңдау үшін 8 Автоматты мәзір бар.
3. Растау үшін «30s» түймесін басыңыз.
4. Өнімнің салмағын орнату үшін реттегішті бұраңыз.
5. Дайындауды бастау үшін «30s» түймешігін басыңыз.

ПАЙДАЛАНУ

АВТО мәзір кестесі

Сіз дайындағыңыз келетін өнім түріне байланысты кестеге сәйкес мәзір элементін таңдаңыз. Өнімнің салмағын орнатыңыз, ол кестеде көрсетілген салмаққа сәйкес келуі керек.

Мәзір	Салмақ	Дисплейде бейнелеу	Дисплейде қуат деңгейін бейнелеу
А-1 Пицца	200 г	200 г	P100
	400 г	400 г	
А-2 Ет	250 г	250 г	P100
	350 г	350 г	
	450 г	450 г	
А-3 Көкөністер	200 г	200 г	P100
	300 г	300 г	
	400 г	400 г	
А-4 Паста	50 г (с 450 г суық су)	50 г	P80
	100 г (с 800 г суық су)	100 г	
А-5 Картоп	200 г	200 г	P100
	400 г	400 г	
	600 г	600 г	
А-6 Балық	250 г	250 г	P80
	350 г	350 г	
	450 г	450 г	
А-7 Сусындар	1 шыны (120 мл)	1	P100
	2 шыны (240 мл)	2	
	3 шыны (360 мл)	3	
А-8 Попкорн	50 г	50 г	P100
	100 г	100 г	

 ЕСКЕРТУ:

1. Пештің есігін ашу немесе жұмыс кезінде «  » түймесін басу ағымдағы режимді тоқтатады.
2. «**Автоматты мәзірді**» таңдау үшін күту режимінде реттегішті оңға бұру керек.
3. Тез тамақ дайындау режиміне кіру үшін реттегішті солға бұру қажет.

КҮТІМНІҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Құрылғыны тазалау

- **⚠ НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Тазалау алдында қуат сымының ашасын розеткадан шығарып, пешті розеткадан ажыратыңыз!
- Пешті үнемі тазалап, тамақ қалдықтарын алып тастау керек.
- Пешті тазалаған кезде слюда тақтасын алып тастауға болмайды!
- Слюда пластинасын таза ұстау керек, қажет болған жағдайда жаңасына ауыстыру керек. Слюда тақтасы нәзік, тазалау кезінде абай болыңыз.
- Пештің ішкі және сыртқы бетін, есікті және есіктің тығыздағышын үнемі тазалап отырыңыз.
- **⚠ ЕСКЕРТУ!** Пештің ішінде жиналған май қызып кетуі мүмкін, бұл түтіннің пайда болуына әкеледі! Ылғалды салфеткамен ластануды бейтарап жуу құралдарын пайдалана отырып алып тастаңыз, құрғатып сүртіңіз.
- Пештің желдету саңылауларына судың түсуіне жол бермеңіз.
- Аксессуарларды кәдімгі әдіспен сабынды суда тазартыңыз.
- Аэрозольдарды, абразивтік ұнтақтарды, химиялық еріткіштерді және тұтанғыш заттарды пайдаланбаңыз.
- Басқару панелін тазалау кезінде пештің есігін ашық қалдырыңыз.
- Пеш есігінің әйнегін тазалау үшін қатты абразивті тазалағыштарды немесе өткір металл қырғыштарды пайдаланбаңыз, себебі олар әйнек бетінде сызаттар қалтырып, әйнектің сынуына әкелуі мүмкін.
- Егер бу пештің ішінде немесе сыртында есіктің периметрі бойынша конденсацияланса, панельді жұмсақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз. Бұл пештің ақаулығын көрсетпейді.
- Шыны айналмалы табаны және гриль торын қажеттілігіне қарай сабынды суда жуыңыз және құрғатып сүртіңіз. Айналмалы табаны ыдыс жуатын машинада жууға болады.
- Пештің жұмыс істеуі кезінде шудың пайда болуын болдырмау үшін роликті сақина мен пеш камерасының түбін үнемі тазалап отырыңыз. Роликті сақинаны ыдыс жуатын машинада жууға болады.
- Пеш камерасының қабырғаларын тазалауды жеңілдету үшін рецептті қолданыңыз: лимонның жартысын ыдысқа салыңыз, 300 мл су құйыңыз және микротолқынды пеште 100% қуатпен 10 минут қыздырыңыз, содан кейін пеш камерасын жұмсақ, құрғақ шүберекпен тазалаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Ақаулық себебін іздеу және түзету

Кестеде сіз өзіңіз шеше алатын қарапайым ақаулардың тізімі берілген. Егер ақаулықты жою мүмкін болмаса, қызмет көрсету орталығының мамандарына хабарласыңыз.

Ақаулық	Ықтимал себеп	Шешімі
Микротолқынды пеш теледидардың жұмысына кедергі келтіреді	Микротолқынды пеш жұмыс істеп тұрған кезде радио мен теледидарды қабылдауға кедергі болуы мүмкін	Бұл қалыпты жағдай. Микротолқынды пештің жанына басқа электр құралдарын орнатпаңыз.
Пеш жұмыс істеп тұрған кезде күңгірт жарық	Микротолқынды пеште төмен қуатта дайындау кезінде пештегі Жарық күңгірт болуы мүмкін	Бұл қалыпты жағдай.
Есікте конденсацияның пайда болуы	Тамақ дайындау кезінде құрылғыдан бу шығуы мүмкін	Будың көп бөлігі желдету саңылаулары арқылы шығады, бірақ бір бөлігі пештің ішінде, мысалы, пештің есігінде жиналуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.
Пеш қосылмайды	Қуат сымының ашасы розеткаға жеткіліксіз тығыз орнатылған	Ажыратыңыз, содан кейін ашаны 10 секундтан кейін розеткаға қайта қосыңыз.
	Сақтандырғыш немесе автоматты ажыратқыш іске қосылады	Сақтандырғышты ауыстырыңыз немесе Ажыратқышты қалпына келтіріңіз (жұмысты қызмет көрсету орталығының маманы орындауы керек).
	Розетка мәселесі	Розетканы басқа электр құрылғыларымен тексеріңіз.
	Есік тығыз жабылмаған	Есікті ашып, кедергі келтіретін затты алып тастаңыз және оны тығыздап жабыңыз.
	Бұғаттау қосылған	Бұғаттауды өшіріңіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Ақаулық	Ықтимал себеп	Шешімі
Пеш қызбайды	Есік тығыз жабылмаған	Есікті жақсылап жабыңыз.
Шыны айналмалы таба айналмайды	Айналмалы таба дұрыс орнатылмаған	Айналмалы табаның дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
	Ыдыс аяқтың диаметрі айналмалы табақтың диаметрінен асады да ыдыс оның жұмысын бұғаттайды	Ыдысты ауыстырыңыз.
	Өнімдер шыны табаның айналуына кедергі келтіретін етіп орналастырылған	Өнімдерді ықшамдап немесе олардың санын азайтыңыз.
Жоғары шу деңгейі	Өнімдерді ықшамдап немесе олардың мөлшерін азайтыңыз	Пеш камерасының роликті сақинасы мен түбін ластанудан тазалаңыз.
Пеш өздігінен қосылды	Құрылғыны ішіне тағам салмай пайдалануға тыйым салынады	Қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Техникалық ақпарат

Үлгі	MMWB204BB-GB, MMWB204BB-SS, MMWB204BB-GW
Кернеу	230 В~
Жиілігі	50 Гц
Қуатты тұтыну (микротолқынды пеш)	1050 Вт
Шығыс қуаты (микротолқынды пеш)	700 Вт
Қуатты тұтыну (гриль)	1000 Вт

Сауда белгілері, авторлық құқық және заңды мәлімдеме

Midea логотипі, сөз белгілері, сауда атауы, сауда белгісі және олардың барлық нұсқалары Midea компаниясының сауда белгілеріне, авторлық құқықтарына және басқа зияткерлік меншік құқықтарына және пайдаланудан алынған барлық іскерлік беделге ие Midea Group және/немесе оның еншілес компанияларының («Midea») құнды активтері болып табылады. Midea сауда белгісінің кез келген бөлігінің, Midea сауда белгісін коммерциялық мақсаттарда Midea компаниясының алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдалану тауар белгісін бұзу немесе қолданыстағы заңдарды бұза отырып, жосықсыз бәсекелестік болуы мүмкін.

Бұл нұсқаулықты Midea жасайды және Midea барлық авторлық құқықты сақтайды. Ешбір заңды немесе жеке тұлға бұл нұсқаулықты Midea-ның алдын ала жазбаша келісімінсіз толық немесе ішінара пайдалана алмайды, қайталай алмайды, өзгерте алмайды, тарата алмайды, біріктіре алмайды немесе басқа өнімдермен сата алмайды.

Осы нұсқаулықта сипатталған құрылғының барлық параметрлері мен функциялары осы нұсқаулықты басып шығару кезінде өзекті болды. Дегенмен, функционалдылық пен дизайнның ұдайы жақсаруына байланысты нақты өнім нұсқаулықта сипатталғандардан өзгеше болуы мүмкін.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Деректерді қорғау туралы хабарлама

Тапсырыс берушімен келісілген қызметтерді көрсету үшін біз клиентке қызмет көрсетілетін елдің заңына сәйкес деректерді қорғау туралы барлық ережелерді, сондай-ақ, егер қажет болса, ЕО-ның деректерді қорғау жөніндегі жалпы регламентін (GDPR) сақтауға келісеміз.

Әдетте, біздің деректерімізді өңдеу сізбен шарт бойынша біздің міндеттемелерімізді орындау үшін және өнімнің қауіпсіздігі үшін, өнімнің кепілдік және тіркеу мәселелеріне байланысты сіздің құқықтарыңызды қорғау үшін жүзеге асырылады. Кейбір жағдайларда, егер деректерді тиісті қорғау көзделмесе, дербес деректер Еуропалық экономикалық аймақтан тыс орналасқан алушыларға берілуі мүмкін.

Қосымша ақпарат сұрау салу бойынша беріледі. Егер сіз маркетинг мақсатында біз өңдейтін жеке деректеріңізді беруге қарсылық білдірсеңіз, MideaDPO@midea.com ресми электрондық поштасына жазу арқылы біздің деректерді қорғау қызметімен байланыса аласыз. Қосымша ақпарат алу үшін QR-кодқа өтіңіз.

Құрылғының қызмет ету мерзімі

Құрылғының қызмет ету мерзімі бөлшек сауда желісі арқылы сатылған күннен бастап 5 жыл.

Осы уақыт ішінде өндіруші тұтынушыға өнімді өз мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін, сонымен қатар бөлшек сауда және жөндеу кәсіпорындарына қосалқы бөлшектерді өндіру және жеткізуді қамтамасыз етеді. Дүкен мөрі болмаған жағдайда қызмет ету мерзімі құрылғы жасалған күннен бастап есептеледі.

Сақтау шарттары - ГОСТ 15150 бойынша 1(L) тобына сәйкес. Құрылғылар құрғақ, желдетілетін жерлерде ауа температурасы 5 ° C-тан 40 ° C-қа дейін және салыстырмалы ылғалдылық 80% дейін (25 °C үшін) қапталған түрде сақталуы керек.

Құрылғының кепілдік міндеттемелері кепілдік талонында көрсетілген. Арнайы рұқсатсыз адамдардың жөндеуіне тыйым салынады!

Барлық техникалық жақсартулар пайдалану нұсқаулығының жаңа нұсқасында ескерілетін болады, оны сіз біздің веб-сайттан таба аласыз. Өнімнің сыртқы түрі мен түсін өндіруші алдын ала ескертусіз өзгерте алады.

ДҰРЫС КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Кәдеге жарату туралы ескертулер

EO WEEE

EO WEEE директивасына және қалдықтарды кәдеге жаратуға сәйкестігі: Бұл өнім WEEE (2012/19/EU) электр және электрондық жабдығы өндірісінің қалдықтарын кәдеге жарату туралы EO директивасына сәйкес келеді. Бұл өнімде электр және электрондық жабдық қалдықтарының жіктеу белгісі (WEEE) бар.



Өнімде немесе қаптамада бейнеленген бұл таңба бұйымның қарапайым тұрмыстық қалдықтар санатына жатпайтынын және істен шыққаннан кейін электр және электрондық жабдықтарды кәдеге жарату жөніндегі тиісті орталықта кәдеге жаратуға жататынын көрсетеді. Құрылғыны дұрыс кәдеге жарату құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына қауіп төндірмеуге мүмкіндік береді.

Бұл өнімді кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, жергілікті Қалдықтарды кәдеге жарату қызметінен немесе өнім сатып алынған дүкеннен алуға болады.

Тұтынушы жабдықты дұрыс кәдеге жарату үшін жауап береді

RoHS

Сіз сатып алған өнім ROHS (2011/65/EU) зиянды заттарды шектеу туралы EO Директивасына сәйкес келеді. Директивада көрсетілген зиянды және тыйым салынған материалдар жоқ оборудования.

Қаптама туралы ақпарат



Бұл өнімге арналған орау материалдары ұлттық экологиялық ережелерімізге сәйкес қайта өңделетін материалдардан жасалған. Орам материалдарын тұрмыстық немесе басқа қалдықтармен бірге тастамаңыз. Оларды жергілікті билік белгілеген орау материалдарын жинау орындарына апарыңыз.




Өнім Кеден одағының тиісті техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес сертифицирталған.

ӨНДІРУШІ

GUANGDONG MIDEA KITCHEN APPLIANCES MANUFACTURING CO., LTD.
NO. 6, YONG AN ROAD, BEIJIAO, SHUNDE, FOSHAN,
GUANGDONG, CHINA

ҚР-ҒА ИМПОРТТАУШЫ

«TECHNOMAN» ЖШС, Алматы қ., Бурундайская к., 93а,
+7(727) 223 03 65
ҚР бойынша қолдау орталығы: 8 800 004 04 94
www.mideakz.com



ВСТРАИВАЕМАЯ МИКРОВОЛНОВАЯ ПЕЧЬ

РУКОВОДСТВО ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ



MMWB204BB-GB
MMWB204BB-SS
MMWB204BB-GW

Предупреждение: Перед использованием данного устройства внимательно прочитайте это Руководство и сохраните его для дальнейшего использования. Дизайн и технические характеристики могут быть изменены без предварительного уведомления в целях улучшения продукта. Для получения подробной информации обратитесь к продавцу или производителю. Все изображения в руководстве являются схематическими и могут иметь отличия от оригинала.

УВАЖАЕМЫЙ ПОКУПАТЕЛЬ,

благодарим вас за покупку техники Midea!

В тексте данного Руководства вы найдёте необходимую информацию по правильной эксплуатации и обслуживанию вашего устройства. Соблюдение указанных мер предосторожности поможет сэкономить ваше время и средства в ходе эксплуатации бытовой техники. В разделе «Техническое обслуживание» вы найдете разъяснения по вопросам эксплуатации и устранения неисправностей, которые могут избавить вас от необходимости обращаться в службу сервиса.

Компания Midea постоянно совершенствует свои изделия и поэтому оставляет за собой право вносить изменения, не влияющие на безопасность и функционирование устройства.



Рекомендуем внимательно прочитать данное Руководство перед первым использованием устройства. Оно содержит важные инструкции по технике безопасности и информацию, касающуюся установки, эксплуатации и технического обслуживания. Правильное обращение способствует эффективному, экологичному и безопасному использованию и минимизирует потребление энергии во время работы. Пожалуйста, всегда сохраняйте свидетельство о покупке для сохранения любых гарантийных претензий.

Эти инструкции по эксплуатации носят общий характер. Это означает: некоторые функции применимы к вашему устройству, а другие – нет.

При покупке устройства проверьте его на отсутствие механических повреждений конструкции, внешнего оформления и упаковки, на функционирование, на комплектность.

Все изображения в руководстве имеют справочный характер. Модель и комплектация конкретной модели, приобретённой вами, может иметь отличия от изображений в Руководстве.

На сайте **www.mideakz.com** можно скачать Руководство пользователя в цифровом виде и ознакомиться с другими продуктами.

Желаем приятного пользования новым устройством!

СОДЕРЖАНИЕ

ИНСТРУКЦИИ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Условные обозначения	4
Использование по назначению	5
Предупреждение.....	6
Подключение к электросети	8
Посуда для микроволновой печи	9
Материалы, которые можно использовать в микроволновой печи	9
Материалы, которые нельзя использовать в микроволновой печи.....	10

ОБЗОР УСТРОЙСТВА

Части и аксессуары устройства.....	12
------------------------------------	----

УСТАНОВКА

Установка поворотного стола	13
Перед установкой.....	14
Установка микроволновой печи.....	15
Монтаж микроволновой печи	16

ЭКСПЛУАТАЦИЯ

Панель управления	18
Настройка текущего времени	19
Настройка таймера	19
Настройка «Микроволновая печь».....	20
Настройка «Гриль».....	20
Настройка «Комби»	21
Размораживание по весу	21
Размораживание по времени	21
Поэтапное приготовление.....	22
Экспресс-приготовление.....	22
Настройка блокировки	23
Функция запроса.....	23
Автоменю	23

ОБЩИЕ ПРАВИЛА УХОДА

Чистка устройства	25
-------------------------	----

ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ

Возможные неисправности	26
-------------------------------	----

